

2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 5 мамырдағы № 29/2 шешімі

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 17-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 91-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бюджеті көрсетілген шешімге тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 4 347 766 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 1 127 775 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 45 185 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 16 500 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері – 3 158 306 мың теңге;
- 2) шығындар – 4 421 047,1 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 49 684,5 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 90 859,5 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 41 175 мың теңге;
- 4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:
 - қаржылық активтерді сатып алу – 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 122 965,6 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 122 965,6 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 90 859,5 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 41 175 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 73 281,1 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 10.06.2025 № 31/16 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

республикалық бюджетке есепке жатқызылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығынан;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салықтан;

ауылдық округ аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығын қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығынан;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға салынатын акциздерден;

ауыл аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыдан;

коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымнан;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымнан;

консулдық алымнан басқа, мемлекеттік баждан.

3. Аудандық бюджет кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістерден:

аудандық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдерінен;

аудандық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтерден;

аудандық коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне төленетін кірістерден;

ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы аудандық коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, аудандық коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістерден;

ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, аудандық коммуналдық меншіктегі тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жалға беруден түсетін кірістерден;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылардан;

аудандық коммуналдық меншіктен түсетін өзге де кірістерден;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдерден;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдерінен;

аудандық бюджетке түсетін өзге де салықтық емес түсімдерден.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдерден;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін немесе ауыл аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерден;

ауыл аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақыдан.

5. Аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарынан түсетін түсімдер аудандық бюджетке есепке жатқызылады.

6. Аудандық бюджеттен 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 478 448 мың теңге сомасында белгіленсін:

Архангелка ауылдық округіне – 47 379 мың теңге;

Благовещенка ауылдық округіне – 48 568 мың теңге;

Жамбыл ауылдық округіне – 32 735 мың теңге;

Казанка ауылдық округіне – 55 711 мың теңге;

Қайранкөл ауылдық округіне – 42 364 мың теңге;

Кладбинка ауылдық округіне – 45 342 мың теңге;

Майбалық ауылдық округіне – 50 457 мың теңге;

Мирный ауылдық округіне – 23 710 мың теңге;

Озерный ауылдық округіне – 30 108 мың теңге;

Первомай ауылдық округіне – 31 349 мың теңге;

Преснов ауылдық округіне – 22 846 мың теңге;

Пресноредут ауылдық округіне – 26 309 мың теңге;

Троицкий ауылдық округіне – 21 570 мың теңге.

7. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

2) халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

3) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға;

4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге.

Республикалық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

8. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

2) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;

3) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

4) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерін абаттандыруға;

5) сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуіне;

6) мемлекеттік органның күрделі шығыстарына;

7) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру.

8) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерін дамыту және салу схемаларын кезең-кезеңімен әзірлеу және түзету бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу.

Облыстық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 10.06.2025 № 31/16 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредиттер 74 708 мың теңге сомасында ескерілсін.

10. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтер бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудан әкімдігінің 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

11. 2025 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының қоры 1 803,2 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Бюджет қаражаты есебінен ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардағы денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек қарастырылсын.

13. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға.

Республикалық бюджеттен көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

14. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға.

Облыстық бюджеттен көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

14-1. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте тұрғын үй сатып алуға ішкі қарыздар есебінен 16 151,5 мың теңге шығыстар ескерілсін.

Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14-2. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің өтемақысын өтеуге арналған шығындар 696 911 мың теңге сомада көзделсін.

Ескерту. Шешім 14-2-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14-3. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтер бюджеттерінен 22 561,4 мың теңге сомдағы түсімдер қарастырылсын.

Ауылдық округтер бюджеттерден түсетін түсімдер сомасын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 14-3-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. 2025 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2024 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) облыстық және республикалық бюджеттен нысаналы трансферттерін қайтару есебінен, осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес аудандық бюджеттің шығыстары қарастырылсын.

16. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы" 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 24/3;

2) "2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 24/3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2025 жылдың 6 мамырдағы № 24/3.

17. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихатының төрайымы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2025 жылғы 05 мамырдағы
№ 29/2 шешіміне 1-қосымша

2025 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 10.06.2025 № 31/16 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 32/4 (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Са на ты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4 347 766

1			Салықтық түсімдер	1 127 775
	01		Табыс салығы	271 206
		1	Корпоративтік табыс салығы	271 206
	03		Әлеуметтік салық	608 800
		1	Әлеуметтік салық	608 800
	04		Меншікке салынатын салықтар	104 869
		1	Мүлікке салынатын салықтар	104 869
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	127 154
		2	Акциздер	1 945
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	113 305
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	11 904
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	15 746
		1	Мемлекеттік баж	15 746
2			Салықтық емес түсімдер	45 185
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6 745
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 620
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	41
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	2 084
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	918
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	918
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	6 987
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	6 987
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	30 535
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	30 535
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	16 500

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	16 500
		1	Жерді сату	16 500
4			Трансферттердің түсімдері	3 158 306
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	22 566,7
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	22 566,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 135 739,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 135 739,3
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	4 421 047,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 152 628,3
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	56 100
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	56 100
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	322 468,2
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	239 882
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	31 886
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 070,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	110 134
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 188
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	535
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	107 361
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 050
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	663 926,1

		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 4 533,7
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	42 524
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	536 868,4
02			Қорғаныс	22 197
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	22 197
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 697
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	9 499
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	4 001
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	529 509
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	529 509
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	89 820
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	8 218
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	105
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	52 327
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	956
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	206 162
		017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	82 917
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 263

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	930
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	431
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	1 9 684,7
		054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 000
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 695,3
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	182 114,2
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	182 114,2
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	7 400
		033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	24 091
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	14 120
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	5 2 037,9
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	8 4 465,3
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	565 841,2
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	187 275
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	187 275
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 000,2
		036	Мәдениет объектілерін дамыту	9 000,2
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	6 3 779,3
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 8 593,3
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	932
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	20 683
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін	13 571

			дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	
478			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	305 786,7
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	23 978
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	109 040
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	468
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 1 272,5
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	322
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	28 313
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	13 749
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	8 8 644,2
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	139 786,5
811			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі	71 386
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 258
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 128
463			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	4 3 262,5
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 974
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	4 799
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	489,5
459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25 138
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	25 138
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 9 504,4
495			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 9 504,4

		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	1 9 504,4
12			Көлік және коммуникация	411 649
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	411 649
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	110 000
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	266 611
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	35 038
13			Басқалар	222 087,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 803,2
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1 803,2
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	220 284
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	220 284
14			Борышқа қызмет көрсету	364
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	364
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	364
15			Трансферттер	1 175 366,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 175 366,3
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	7,3
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	696 911
		038	Субвенциялар	478 448
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	4 9 684,5

			Бюджеттік кредиттер	9 0 859,5			
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 6 151,5			
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 6 151,5			
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	1 6 151,5			
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	74 708			
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	74 708			
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	74 708			
Санаты		Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)	
5					Бюджеттік кредиттерді өтеу	41 175	
		01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	41 175	
				1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	41 175	
Функционалдық топ		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама		Атауы	Сомасы (мың теңге)
						4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
						Қаржы активтерін сатып алу	0
13						Басқалар	0
		495				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0

			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0	
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)	
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0	
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0	
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер		0	
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)		-122 965,6	
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)		122 965,6	
7			Қарыздар түсімдері		90 859,5	
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар		90 859,5	
		2	Қарыз алу келісім-шарттары		90 859,5	
Функционалдық топ		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16					Қарыздарды өтеу	41 175
		459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	41 175
				005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	41 175
Санаты	Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	73 281,1	

	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	73 281,1
		1	Бюджет қаражатының б о с қалдықтары	73 281,1

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2025 жылғы 05 мамырдағы
№ 29/2 шешіміне 2-қосымша

2026 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бюджеті

Са нат ы	Сыныбы	Кі ші сы ны бы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	3 032 125
1			Салықтық түсімдер	1 050 100
	01		Табыс салығы	236 782
		1	Корпоративтік табыс салығы	236 782
	03		Әлеуметтік салық	590 213
		1	Әлеуметтік салық	590 213
	04		Меншікке салынатын салықтар	86 721
		1	Мүлікке салынатын салықтар	86 721
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	122 171
		2	Акциздер	2 011
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	107 851
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	12 309
